



СҮЙІНШІ

Ал ендеше, бұған не дейсіз?! Алақандай ауылдың кәрі-жасы азды-көпті абырой-беделімізге нұқсан келтірді-ау, бұл қызыл көзден қалай және қайтіп құтыламыз, не істейміз, айдалада жападан-жалғыз жынданып киік атқанда жазықсыз жануардың нақақтан төгілген қаны мен обал-сауабы жауырынына неге оқ боп қадалмайды, сөйтіп неге мұрттай ұшырмайды деп Сүгірбекті сырттай «ірепсойып», ағаш атқа теріс мінгізіп, «қарғап-сілеп» жүргенде... ойламаған тұстан екі «Джиптің» төбеден сау ете түскені. Әрине, асай-мүсейлерін асынып, жеті қараңғы түнде де жан-жақтан шамдарын жарқыратып жұмыстарын жалғастыра беретін бұл «телевизонщиктердің» орталықтың арнайы тапсырмасымен Сүгірбек жайлы деректі фильм түсіргелі келгендерін кім білген. Білсе бұлар да бір қыңыраюға қыңыраяр еді ғой. Немене, «шектен шыққан браконьер», бәрінен бұрын ақылға көнбей «өз бетімен кеткен» Сүгірбектен басқа фильмге түсетін жөні түзу адам құрып қалып па?! Түкпірдегі ауыл үшін бұл тақырып ызбай жара. Түртіп қалсаң арғы жағынан ашу-ыза бұрқырап шыға келеді.

Әлгілердің не шаруамен жүргендерін білмеген соң ауыл әкімі Өзберген байғұсқа қандай кінә тағарсың. Мұрнынан шаншылып, шала бүлінді. Экологиялық апаттың ауырлық нүктесіне қоныстанған ауыл жайлы түсірілген фильмдер де, жазылған шығармалар да жетіп артылатын. Тіпті, БҰҰ-дан келгендер қаншама! Бірақ олардан түскен пайда шамалы еді. Көпшілігіне экзотика керек, қылтанақ өспейтін, өркениет көшіне ілестік десе де әлі күнге дейін ауыз суды құдықтан тартып ішетін, төңірегі ысылдаған қызыл құмнан басқа түк көрінбейтін өлкеде «қалай өмір сүріп жатырсыздар» деп «жанашырлық» білдіргеннен басқа қолдарынан келер қайраны жоқ сосекілді келімсектерді кім санап тауыса алар. Бұйырса әлі де келер. Келмеңдер деп қақпаны тарс бекітіп жауып тастауға мүмкіндіктері болып тұр ма.

Үмітсіз – шайтан. Әкімнің құрақ ұшатыны әлдекімдер ауылға биік антенна орнатуға жәрдемдесе де шүкіршілік қой деп бір қайырады. Екіншісі, өзінің қамы, «ауылына барғанда бізді адам қатарына санамады» деп сол әлдекімдердің жоғарыға қоңырау түсірмесіне кім кепіл. Аш құлақтан – тыныш құлақ. Дастарқанға кеткен азды-көпті шығынның орны жүре бара толығар. Толықпаса да ел іші аштан өліп, көштен қалмас. Қой сойып, келіншегіне жәрдем етсін деп әкімшіліктегі хатшы қызды шақырып, қуырдақ жасатты. Қолға түсе бермейтін қыл мойындарды шеткі үстелдің үстіне тізіп қойып, «қайсысын қалайсыздар» деп әкім басымен иіліп-бүгілді. «О құм құрсауындағы

ауылдың қонақ күту мәдениеті тамаша!» деп жалбыр шаштары желкелерін жапқан операторлар мен жүргізушілер түннің бір уағына дейін тегін дүниеден емін-еркін сілтеген. Бір жағынан солары да оңды болды. Жылы жер, жұмсақ орын іздеп, ешкімді әуре-сарсаңға салған жоқ. Мәшинелерінің алдыңғы орындықтарының арқалығын жазып жіберіп қисая-қисая кетті. Таза ауа тұла бойларына майдай жақты білем, артынша қор ете түсті.

Түсірушілер тобының жетекшісі әрі болашақ фильмнің режиссері жасының біразға келгендігіне қарамай бой-сойын күтіп ұстайтындығы былай тұрсын, көзінің айналасына түскен бірді-екілі әжім іздерін де опа-далаппен жасырып үлгерген Гүлайна ғана үйге кіруге асықпай, тамақтан соң аула ішінде қыдырыстап біразға дейін жүріп алды. Өзберген төргі бөлмеге өзіне арнап төсек салынғанын әрі-бері ескертіп еді, Гүлайна шырақ оған пәлендей көңіл аудармады. «Ұзақ жол шаршатқан шығар», дегенді де құлағының сыртымен тыңдады. «Ауылда қанша түтін бар?», «Орта мектептегі бала саны қанша?», «Теңіз әлі қашықта, сонда сіздер немен айналысасыздар, негізгі кәсіптеріңіз не?», «Әкімдіктің құзырына нелер жатады?» деген секілді жаттанды сұрақтарға жауап беруден де кісі жалығады білем. «Мектептегі бала саны толмаса қалтасынан ақша суырып бергендей, көпбалалы отбасыларын осы ауылға бірден қоныстандыра салатындай, жүйке жұқартып несіне мыжи береді екен, а?!».

Қаладан келген сүрбойдақ әрі сылыңғырдай сұлу режиссер Гүлайналарға сенім бар ма. Біреудің отбасын ойрандап, байын тартып әкету бұйым боппа бұларға! Оның үстіне күйеуі Өзберген қайбір етегіне намаз оқып жүрген адам. Көзі көрмесе де бетаузы жылтыраған мына секілділер ым қақса мұрны тесілген тайлақтай томпаңдап, сондарынан еріп жүре береме деп те қауіптенеді. Әкімнің келіншегінің де тұла бойын қызғаныш билейді. Кәдімгі таңғы шықтай таза сезімнен туған қызғаныш. Ауыз үйде ыдыс-аяқ жуған боп, олай-былай көлбеңдеп өткенде мойнын созып, ағаш сәкіде иық түйістіріп отырған екеудің сұлбасына ұрлана қарап қояды. «Оу, бұлар түн ішінде күллі экологиялық мәселені шешіп тастамақшы ма?!». Әлдебір тәрелке еденге шағылып түседі. Тамағын кенеп, әсіресе, күйеуіне әлденелерді дауыстап айтқысы келеді: «Бүгін режіміңіз бұзылды ғой, отағасы!». Ынжық, ұят несін алған?! Іштей шириғып қанша тыраштанса да тілін түртіп тұрған сол бір ауыз сөзді айта алмайды. Өзбергеннің де ашуы басына тебеді: «Жұрттың әйелдері ғой әртістің рөлін ойнауға келгенде алдарына жан салмайды. Ал біздікі ұртына су толтырып алғандай үнсіз. «Режім бұзылды ғой, отағасы?!»— десе бір жері қисайып қала ма. Гүлайнаның көді-сөди мылжыңынан құтылуға сол «ескертпенің» өзі-ақ жетіп-артылар еді. Қор болған қайран уақыт-ай!

– Жеңгей, бір жұтым су беріңізші,—деп дауыстады бірде қонақ бикеш. Әкімнің келіншегі төгіпшашып бір тостаған суды әзер әкелді. Гүлайна су ішемін дегенше, байқатпай күйеуінің бүйірінен де бір шымшып үлгерді.

– Паһ, бал татиды, колонканың суы ма?

– Қайдағы колонка, шыңырау құдықтың тұнбасы.

– Бәсе, өзім де солай ойлап ем. – Гүлайна маңдайға түскен бір уыс шашын кейін серпіді. – Демалатын да уақыт шамаласты-ау, асылы?!

– Ертең жұмыс! – Әкімнің келіншегі де іштегі «желін» сыртқа шығарды-ау, әйтеуір. – Жұ-м-ыс! – деді естідіндер ме дегендей, даусын сәл қатайтып: «Сендердей ерігіп жүргеніміз жоқ. Балабақшаның шаруасы да жетіп артылады бір басымызға». Тырптырп басып кейін шегінді.

– Біздің тірлік, міне, осылай ағасы. Өмір бойы тосын кейіпкер, тосын мінезді герой іздейміз.

«Гүлайнасы түскір не деп сандырақтайды, бәгір-ау?! Геройың да, кейіпкерің де өзіңе! Ал қазір кішкене тыныштық бер, біз пақырға!...».

– Ел кезіп қаңғырып кетеміз өстіп... Іздеген адам жоғын табады бәрібір. Біз де таптық деген ойдамыз... Сіз немене, қалғып кеткеннен саусыз ба? Сізге әжептәуір әңгіме айтып отырсам. – Гүлайна боларболмас қабағын шытты.

– Айта бер, құлағым сізде. Ара-тұра мызғып алсам, оған көңіл аударма.

– Сүгірбек Сұлтанов осы ауылда тұра ма? Әлде...
– Осы, осы ауылда! – Әзбергеннің жон арқасы тоқ сокқандай дір ете қалды.
– Кім, кім дедіңіз? – Сүгірбек Сұлтанов. Сіз немене ол азаматты жыға танымаушы ма едіңіз? Оны аяғымыздан сарсылып, жер-көктен іздеп жүрсек, аты-жөні осы ауылдың тізімінен шыға келді.

– Ал... Сүгірбек Сұлтанов не қиратып тастапты соншалық?! – Әзбергеннің ұйқысы шайдай ашылды. Өкінішті күйде мойынға құлаған басын тік көтерді: «Адамды өстіп қорлауға бола ма, құлдығым!». – Гүлайнаның жүзіне бір жағынан тіксініп, екінші жағынан жалынышты жәрдем сұрағандай ұзағырақ үңілді: «Мәселенің басын ашып алу керек еді ғой әу бастан. Шаруаларың Сүгірбекпен бітетін болғанда, көрші бөлімшеге апаратын күре жолға салып жіберетін едік баяғыда».

– Әкімсіз. Бүгінгі шай-суыңызға рақмет. Елдің жағдайы, тұрғындардың мінез-құлқы жазулы хаттай сіздің алақаныңызда ғой. Тілге тиек боларлық Сұлтановтың өмірбаянына қатысты бір-екі эпизод айтып бермейсіз бе?

– Не, не дейсіз, оның не айтатыны бар?! Біріншіден Сұлтанов шектен шыққан браконьер. Киік атады, обал-сауапты түсінбейді. Ақбөкеннің етін сасытып айдалаға қалдырып кету, оған түкке де тұрмайды. Киіктің мүйізі ғана керек. Оны сүрлеп Қытай асырады. Жалғыз шешесі бар, ол кісі де жүрек жұтқан.

– Жүрек жұтқаны қалай?

– Оны үйіне барған соң түсінесіздер.

– Үйленген бе?

– Бойдақ. Жасы отыздан асты, қарғысқа ұшыраған адамға дені дұрыс қыз жолыға ма.

– Солай деңіз! – Гүлайна демін ішіне тартып, ауыр күрсінді. – Қарғысқа ұшыраған. Аты қандай жаман еді!

– Ал сіздер сонша жерден сабылып, Сүгірбектен құдай жасағыларыңыз келеді. Жолдарыңыз болсын! Сұлтановты Бөген ауылының бөлімшесі – Қаратүбек қыстағынан табасыздар. Ол егер сіздерді қабылдай қойса...

– Не көрініпті, кісікиік боп кетпеген шығар мүлдем.

– Ел болып жабылып бетін бері қарата алмадық.

– Оны тек киік атқаны үшін ғана ұнатпайсыздар ма?

– Ол бергі жағы ғой, жалпы адами психологиясы өзгерген. Тірі жанмен тілдеспейді. Араға ауылдың ақсақалдарын салдық, құқық қорғау органының қызметкерлері де жәрдемге келді. Бірін тыңдамады, теріс қарады. Өзінікі жөн, өзінікі дұрыс. Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді деген рас екен. Біз дәстүрі бар іргелі ел едік. Оның бәрі айдалада қалды да, атақ-даңқымыз қазір Сұлтановтың арқасында ғана аспандап тұр. Мергеннің ауылы атандық. Паһ!.. Содан герой жасамақшысыздар, ә?! Мейлі, оны бәлкім сіздер жөнге саларсыздар...

– Басқадай да өнері барын білмейтін болдыңыздар ау?!

– Ол қандай өнер? Әлгі менің айтқандарым бір адамның тақиясына тарлық ететін өнер ме?!

– Шабандоз, Қарақұмды көктей өтетін жол бастаушы. Ана жолы Париж-Дакар халықаралық марафоншыларын еш жерге ұрындырмай Үстірттен Мойынқұмға дейін сол сіздердің Сұлтановтарыңыз алып жүріпті деген де сыбыс бар.

– Ондайын естімеппін, айналайын, естімеппін! – Әзберген сүйретіліп орнынан тұрды.

Ай сүттей жарық еді.

XXX

Нәтижесіз болса да аудандық ішкі істер бөліміндегілер Сүгірбекті қолға түсіру жөнінде екі дүркін жоспар құрған-ды. Бірі, андып жүріп үйінен ұстау, екіншісі, киік атып жүрген жерінен тұзақтау. Екіншісі ақылға қонымды. Біріншісі шарасыз, бейшараның тірлігі. Тіпті күлкілі, терлеп-тепшіп шай ішіп отырған кісіні кісендеп, терезесі тор

темірмен қоршалған вездеход мәшиненің қорабына итере салу аса жан қинайтын шаруаға ұқсамайды. Оның үстіне айыптыны бұлтартпас айғақтарымен ұстаса, бұлардың да мерейлері үстем. Бұлар да айлық алып, бала-шаға асырап, былайғы жұртқа айбын болып көрінетін кәсіптеріне деген адалдықтарын ақтасын. Талтандағанда тақалы етіктері тоң топырақты ойып жібере жаздайды, сөйлегенде де ұрттарын толтырып, бірнәрсені қиратып тастағандай нығарлап сөйлейді. Оу, сөйтіп жүріп, бәрі жабылып Қаратүбек қыстағындағы атақты браконьер Сұлтановтың кінәсін мойнына қойып, жауапқа тарта алмайды.

Мұндай еркіндікті Сүгірбекке марқұм әкесі мұралыққа қалдырып па? Түз тағысы дегеніңізбен киік те осы өңірдің табиғи байлығы. Арыдан сілтегенде қырдың сұлулық символы. Күз айында әрбір киіктің басы биылғы төлімен есептеліп, ауданаралық «Қызыл кітапқа» енеді. Оны табиғат қорғау мекемесінің қызметкерлері апта бойы әуреге түсіп, тікұшақпен санап шығады. «Біздің өңірде осынша бас киік мекендейді» деп аудан облысқа, облыс республикаға ақпар түсіреді... Жә, одан арғыларында не әкелерінің құны бар?! Одан да Сүгірбек Сұлтановқа қатысты шаруаны бір ыңғайлап алмай ма?! Өкіметке бәрібір: сенің құм суырған өңірде экология азабын тартып, өмір сүріп жатқаның, тартылған теңіздің тұзды шаңдағын жұтып, бір жұтым суға зар болып жүргенің мүлдем ескерілмейді. Ал жығылғанға жұдырық деп, онсыз да ит тартқан қара терідей әбден тоз-тозы шыққан табиғи ортаға жанашырлық танытудың орнына, өзімен-өзі өсіп-өніп, сенен жем-азық, қосымша қамқорлық қажетсінбей итініп-сұғынып тірлік кешіп жатқан киікті бас жоқ, көз жоқ қырып салу – басқасы-басқа, тіпті, мұсылманшылыққа сай келетін де сауапты іс емес. Және жан-жақтан аңдыздаған киік атушылар құмды өңірге бес қаруын асынып, бірден лап қойса сөз бар ма! «Біріне-бірі сілтейді, бастаушысын табу қиямет-қайым, ешкім ешнәрсе мойындамайды» деп жүрдім-бардым сылтау айтуға да болар еді. Қырсыққанда Сүгірбек Сұлтанов жалғыз. Киіктің мүйізін саудалаушылармен ауыз жаласқаны соншалық, олардың қай тұста кездесіп, қай тұста уәде байласатындығын тірі жан білмейді. Әрбір мүйіз қолма-қол ақша.

Ал Сұлтановтың айдалада аңшылық құрғаны тұрғанымен аңыз, қиял-ғажайып ертегі. Америкалық шытырман оқиғалы киноларың жолда қалады оның жанында. Киік ату үшін арнайы жасақталған қос доңғалақты мотоциклі құм белдерді бұйым құрлы көрмейді. Төбеден төбеге секіреді. Жә, онысын қойшы, ондай көрініске ептеп көз үйренді ғой. Бәрінен алты атар мылтығын сарт та сұрт оқтап алып, жердің жыртығынан шыға келген албастыдай қара-құрым киікке бір бүйірден килігетін Сүгірбектің көздері қанталап, жусанды даланы әп-сәтте ақ шаңға көметін адам таңғаларлық іс-әрекетін айтсаңшы! Мотоциклдің рөлін екі аяғымен басқарады деседі, яғни екі қолы бос. Бос болғанда мылтықты оңдысолды кезенуге мүмкіндігі мол. Киіктің аналығы мен іші-бауыры қабысқан көтерем лағын назарға ілмейді. Оған керегі мүйіздері, аспанға шаншыған текесі. Текелерді ғана қуып жүріп жер жастандырады.

Осының бәрін Сүгірбек сонда қайдан үйренген? Әскер қатарынан оралған соң жалғыз шешесіне қарайласқысы келді ме, оқимын-тоқимын деп сыртқа да аттап шыққан жоқ-ты. Бар бітіргені кәсіптік техникалық училище. Ұжымшарда тракторист боп екі-үш жыл жұмыс істеген соң, тіпті еңбек кітапшасымен де ісі болмай, бәрімен қоштасқан. Сосынғысы осы...

Міне, бұған қайтіп қаның қайналасың. Сөйткен Сүгірбекті әлдекімдер ат сабылтып сонау ит өлген жерден іздеп келеді.

XXX

Әкім айтпақшы Сүгірбектің шешесі де нағыз «жүрек жұтқан» адамның сортынан екен. Күлмейді, не көп сөйлемейді. Бойында бір шайнам арам ет жоқ, тарамыс. Қан-сөлсіз жүзі, шүңірек көзі кез келген адамның кеудесіне сүр жебедей қадалады. Кез келген адам демекші, жалғыз баласы жайлы деректі фильм түсірушілерді де ұнатып жүргені шамалы. Әсіресе, Гүлайнаны атарға оғы жоқ. Сүгірбектің басын дуалап қойғаннан сау ма, әлде байқатпай буын-буынын алып түсетін дәрі ішкізіп жіберді ме. Ұлының аяқ астынан асып-сасып, әбіржіп, самайынан моншақтап тер ағып, біреу әлдене десе ыржалақтай күліп,

пұшайман болған түріне қарап жыны қозады. Сұйық кірпіктері тікірейіп-тікірейіп шыға келеді. Шыдамсызданып, дастарқан басында ішіп отырған ыстық шайын бетіне шашып жіберсем қайтеді деп те бір оқталады. Артынша сабасына түседі. Сабасына түсетіні, «телевизонщиктерден» ұялғаны емес, Сүгірбекті одан әрі жерлеп бітпеймін бе дейтін сақтығы. Оу, айдың-күннің аманында Сүгірбекке не көрінген, а?! Жынынан айырылған бақсыдай Гүлайнаның алдында құрдай жорғалайды, тұр десе – тұрады, отыр десе – отырады. Мотоцикліне мінгізіп олай да секіртеді, былай да секіртеді. Елден бөлектеніп екеуі қора сыртына шығып әңгімелеседі, одан қалды түннің бір уағына дейін тартылған теңіз жағалауында серуендейді.

Қатпа кемпірдің пайымдауынша, Сүгірбек сау емес: үй шаруасына иненің жасуындай жәрдемін тигізбей, оқтау жұтқандай сіресіп жүретін жалғыз ұл әне, екі шелекті қолына іле салып, аула сыртындағы шеген құдыққа қарай жүгіріп бара жатады; екі шелектің лық толы суын төкпей-шашпай жаяу бүлкілмен желе жортып келе жатады. Самаурынға от тұтатып жіберуден де жасқанбайды. Тіпті, жуылған кір-қоңын керілген арқанға жая салу дегеніңіз де түк емес. Жыңғылдың томарын үгітіп, қазан қайнатып та жібереді. Бәли, мынау шынымен Сүгірбек пе?! Әлде мынау шуылдақтар өзінің ақыл-есін де алып тынғаннан сау ма?! Жасы жер ортасынан ауғанда алжасу дегеніңіз нақ осы болып жүрмесін?! Саңырау болғыр құлағы күңгір-күңгір бір нәрселерді естиді. Әккі аңшылар жеті қараңғы түнде қасқырды шамның жарығымен аулайды деседі. Өздері текке сабылып, жан қинамайды. Атаукерелерін ішіп, темекілерін тартып, мээ-мейрам боп отыра береді. Түн қойнын тілгілеген өткір шамның сәулесі бірде болмаса бірде тұз тағысын іліп түседі. Көзге түскен сәуледен не олай, не бұлай қаша алмай, арбалып қалады екен сорлылар. Сөйтіп таяқ тастам жерге жеткенде мылтықтың шүріппесін бір басады да тоңқалаң асырады. Мына тірлік айнымаған соның кері. Аула ішіндегі жан-жақтан себезгілеген сәуле құдды әлгі әумесер аңшылардың айласынан аусайшы! Бұл жолғы тағылар – қатпа кемпір мен ұлы Сүгірбек. Күле ме, жылай ма, бірде Сүгірбек... ауланың арғы есігінен кірген шешесін жерден тік көтеріп алады да, сәкінің үстіне жайылған дастарқанның шетіне әкеп жайлап отырғызады. Сосын тамақ жібітетін су әкеліп береді. Суды ішкен, ішпегені есінде жоқ. Өттең, әттең-ай! Үрен-сүренін танымайтындарға мазақ болдық-ау! «Әй, соры қайнаған, мыналардың арбауына түскенді қашан доғарасың, а?! Бұған айдаладағы мені қатыстырғаның не?!».

Екі қолымен шешесінің қаңбақтай денесін олайбылай көтеріп жүргенде ұлының құлағына осыны сыбырлаған. Бірақ оған құлақ қойған Сүгірбекті көре алсашы!

Мұның бәрі деректі фильм режиссері әрі продюсері Гүлайнаның сценарийі бойынша атқарылып жатқан іс-шара екендігін өмірі теледидардағы бейнелердің қалай жасалып, елге қалай көрсетілетіндігін түсінбейтін кемпір оны қайдан сезінсін.

Гүлайнаның екі езуі екі құлағында. Екі тәулік ішінде ойға алған шаруасын түгелдей аяқтаған. Фильм нашар түсірілмеген секілді. Үлкен олжасы–Сүгірбек Сұлтанов бұрын-сонды деректі фильмдердің тақырыбына айналмаған тың дүние. Қиян шеттегі қазақы ауылда дәл осындай өмір жолы қиямет-қайым бұрылыстарға толы жұмбақ адам тірлік кешеді деген кімнің ойында бар. Ауылдастарының Сүгірбекті не үшін ұнатпайтындары белгілі. Оны бүге-шігесіне дейін қазбалаудың қажеті шамалы. Сүгірбектің жанын түсінуге талпыныс жасаған тірі пенде табылмаған. Одан бәрі ірге аулақтатқан. Сырласуға, түсінісуге, ішкі дүниесіне үңілуге талпынбаған. Сүгірбек те жерлестерімен әмпәйжәмпәй, тонның ішкі бауындай араласып кетуге жол таба алмай, үлкен кедергілерге киліккен. Кедергісі – жұрттың бұған жолағысы келмей, теріс қарағаны. Соған әбден құсаланған жігіт бойындағы бар ызаашуын киік атуға арнап, Қарақұмның безерген бетін тілгілеп, мотоциклмен олай-былай ойқастайды. Кеудесін дала желіне сүйгізеді, құлайды, сүрінеді. Киік кездеспесе жыңғылдың басына жейдесін іліп, армансыз соны атқылайды.

Үйге келсе шешесі мылқау. Ең құрыса асты да шүйіркелесіп ішпейді. Фильм Сүгірбек Сұлтанов жайлы қатып-семген түсінікті мүлдем теріске шығарады. «Жо-жоқ, Сүгірбек Сұлтанов жайындағы сіздердің пікірлеріңізбен біз мүлдем келісе алмаймыз.

Міне, сенбесеңіздер өздеріңіз куә болыңыздар. Жалпы, Сүгірбектің жаны мақтадай жұмсақ. Қайырымды, ізетті, ибалы. Кішкене мүмкіндігі болса жалғыз шешесіне қамқор. Суын тасып, отынын жарып, қазанын қайнатады. Егер... жазатайым, шешесінің бас сақинасы ұстаған болса, оны жерден лып еткізіп көтеріп алады да төсегіне жатқызады. Көрші-қолаңның өтінішін өліп-тіріліп, демі жеткенше тиянақты әрі жауапкершілікпен атқарады... Фильм адамгершілік тұрғысындағы толып жатқан сұрақтарға жауап береді. Кейіпкер бейнесі жанжақты сомдалған. Тағы бір табыс – Сүгірбек Сұлтановтың ана жылы Париж-Дакар көпкүндік марафон жарысына қатысушыларды айқай-шусыз, дабыра-дамайсыз Үстірттен Мойынқұмға дейін алып жүргені. Қаракұм шөліне ұрындырмай үлкен көшті дйттеген нүктеге жеткізіп, кідірмей кері қайтқан. Сонда халықаралық маңызға ие болған марафоншылар Қаратүбек қыстағында Сүгірбек Сұлтанов дейтін «жаужүрек жолбарыс» тұратындығын қайдан білген және оның жол бастаушы шеберлігіне сенім білдіргендері соншалық, қызметі үшін алдын ала ақысын да төлеп қойған... Гүлайна ұтысқа шығатын тұстан қадалып айырылмайды. Оны Сүгірбектің ісәрекеті арқылы дәлелдеп шықты.

Әрине, алғашында Сүгірбек те қолға түскен қасқырдың күшігіндей басын олай да, былай да алып қашқан. «Кетіңдер, сендерді шақырғаным жоқ, маған тыныштық беріңдер!» деп тас бүркеніп жатып та алған. Соның бәрінің тігісін жатқызып, кейіпкерінің көкірегіне сыналап сәуле түсіргені былай тұрсын, тірі жанға айтпайтын құпия-сырларын да бері қарай суырып алған Гүлайнаның шеберлігіне тең келетін не бар бұ дүниеде?!

– Сіз мені тым аспандатып жіберген жоқсыз ба? Ертеңгі күні маскара болып, елдің бетіне қарай алмай жүрмейін,—деді Сүгірбек киношылармен қоштасу шайының үстінде.

– Немене, маған сенбейсіз бе?—деп Сүгірбектің жүзіне қуақылана жымиды Гүлайна... Қызық, қызық болғанда айтпаңыз, томаға-тұйық, жерлестеріне де сүйкімсіз әрі төбеден түскендей ойындағысын бүкпесіз, іркіліссіз қойып қалып, түк білмегендей тымырайып отыратын осы бір алпамса денелі жігітке деген сүйіспеншілік сезімі жүрегін дір еткізгеннен сау ма?! Күлкілі, ә?! Бәли, бір көргеннен ғашық боп қалған десеңші!.. Әрі Сүгірбектің «қарғысқа ұшыраған жігіт» екендігін біле тұрып. Жә-жә, кинодағы рөлін сценарий бойынша мінсіз орындады. Ал өмір сүру ережесі одан гөрі күрделі, одан гөрі маңызды ғой. Сценарий секілді оны қиялдан құрай алмайсың. Стоп! Осы тұстан тоқтағаны абзал. Келер күндер елесі өз иіріміне тартып бара ма қалай?! Ой, түбің түскір, тағы не пәлеге кезікті?! Сүгірбектің кинодан былайғы уақыттағы түксиген қабағына, сілеусін көзіне, дүрдиген ерніне емешесі үзіліп, қарай бергісі келетіні несі, а?! Ой-хой, егер нәзік жанды ұрғашының сезім-түйсігін түсінетін еркек болса...

– Сенің сүйіктің?..

– Менің сүйіктім – қызғыш түсті мотоцикл.

– Өзім де солай ойлағам.

– Сіз әңгімені неге басқа жаққа бұрып жібердіңіз?

– Не айтып келе жатыр едік?—Гүлайна шынымен аңтарылып қалды.

– Өтірікті, жалғандықты жақтырмаймын.

– О жағынан бір адамдай хабардармыз.

– Ендеше, мынаған келісейік, мені фильмде еш кінәсі жоқ, тура кітаптағыдай супер кейіпкер етіп шығарсаңыз, онда маған ренжімейсіз!

– Ал қызық? – Қызық болғанда... Лентаны қайда тықсаңыз да тауып аламын. Менің бойымда ондай инстинкт жақсы дамыған. Сенбесеңіз, психолог жалдап тексертіңіз.

– Біз де анау-мынау психологтан кем түспейміз. Сосын, иә, тауып алдыңыз?.. – Гүлайна Сүгірбектің жуан білегіне сұқ саусағымен «сурет» салды.

– Тауып алған бойда өртеп жіберемін.

– Ал біздің күні-түні тынымсыз істеген еңбегіміздің өтеуін кім төлейді?

– Оған қам жеменіз. Тек қаржының мөлшерін айтыңыз.

– Миллионер Қаратүбек қыстағынан табылды-ау!

– Со-лай!

– Мәселенің басын ашып алғанымыз жақсы болды. – Продюсер бірден пайдалы шаруаға көшті. – Бір ай, бір айға дейін фильмді жамап-жасқаймыз. Біздің тілмен айтқанда монтаждаймыз. Эфирге шығар алдында сіз облыс орталығына келесіз. Фильмді көріп келісесіз, не келіспейсіз. Хабар өзімнен. Айтқандай, кім біледі... Біздің гонорарымызды ала келуді де естен шығармаңыз.

Екі джип түс ауа күрежелдің шаңдағын бұрқыратып, облыс орталығына бет алды.

XXX

Сүгірбек облыс орталығына келе қалса қайда апарамын, қайда қыдыртамын, нені көрсетемін деп жүргенде республикалық көшпелі хайуанаттар паркінің осы жерден табыла кеткені. Гүлайна сірә, бүйтіп қуанбас. «Хайуанаттарды тамашалайтын баланы таптыңыз ғой», деп Сүгірбек мойнын ішіне тартып, қарсылық танытатын шығар деп еді. Жоқ, камшы салдырмай бірден келісті. Гүлайна мұны әдейі істеді ме, әлде кездейсоқтық па, о жағына тереңдеудің қажеті не. Парк Сүгірбекке керемет ұнады. Әртүрлі аңдарды көргенде аңтарылып тұрып қалды. Айнымаған бала, кейбір торкөз үйшіктің тұсында сағаттап аялдады. Гүлайна түсірген деректі фильмді қабылдайтын, не қабылдамайтын «комиссия төрағасы» тіпті облысқа не үшін келгендігін де естен шығарып алғандай. Бір тәулікті толықтай парк аралауға арнады. Гүлайнаның тағаты таусылды. Бүйтіп жүретіндей мүмкіндігі қайда, уақыты шектеулі. Кешкілік осы арадан әкетемін деп Сүгірбектің уәдесін алып, асығыс-үсігіс жұмысына жүгірген.

Сүгірбектің шаршайтын түрі байқалмайды. Павильондарды екі-үш мәрте айналып шықты. Ойда жоқта жарқыраған емен есікке кезіккені. Жұрт кіріпшығып жатқан соң мұның да қызығушылығы оянып, сөзге келместен кіріп барды. Бірақ бірде-бір жабайы мақұлықты көре алсашы. Төрт қабырғасы тұтасқан айна. Артынша айналы бөлме қызылды-жасылды айқыш-ұйқыш сәулелерге толды да кетті. Сосын таблодағы жалғыз жол жазу көзіне оттай басылды: «Дүниедегі ең жыртқыш жаратылыс кім, білесіз бе?!». Осы сәтте Сүгірбек төрт қабырғаға түскен сүмірейген сұлбасын байқап қалды. Не айтасыз? Арғы жағы тайға таңба басқандай белгілі ғой. Дүниедегі ең жыртқыш жаратылыс – Адам! Адам!.. Адам!.. Мына кабина сол үшін, адамның тәубесіне келуі үшін әдейі жасалғанды. Неткен үйлесімділік! Таптырмайтын ракурс!.. Парк ішіндегі жасанды көл жағасында қос аққу сыланып-сипанады. Балапандарын ертіп, тірі пендеден үрікпей де қорықпай қырғауылдың мекиені жүр... Киіктің ай мүйізді текесі де осында... Осы сұлулыққа қарап тұрып денесі тітіркенді, иегі-иегіне тимей, жүрегі алқынып аузына тығылды. Ауа жетпегендей бір түрлі тынысы тарылып, әлсіреп бара жатты да, асығыс-үсігіс дереу далаға атып шықты.

– Мен мұнан былай киік атуды мүлдем доғарамын. Бәрінен... бәрінен саналы түрде бас тартамын! – деді Сүгірбек Гүлайнаның жеке көлігіне отырып жатып.

XXX

Ауыл әкімінің тұрғындар алдындағы дәстүрлі есеп-беру жиналысы бұл жолы тосын жаңалықпен басталды: – Сіздерден сүйінші сұрағым келіп тұр, – деп тамағын үсті-үстіне кенеді Әзберген. – Сүгірбек бүгіннен бастап, тұрақты мекенжайын өзгертіп, біздің тізімнен шықты. Облыс орталығында тұрып, жаңаша өмір бастамақ.

– Бәр-е-кел-ді!

– Бәсе, ана режиссер қыздың қадалуы жаман еді.

– Иә, сол, сол... Гүлайнаға үйленген.

– Енді шешесі қайтер екен?

– Жә, ол кісінің жарасы жеңіл ғой.

Әкімнің әдеттегі жаттанды баяндамасын ешкім құлақ қойып тындаған жоқ.